

Төлегеновтер шаңырағында алтын той

Өмірдің қызығы мен қуанышын бірге көрген асыл жандар

Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ – қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде қазақтың әрбір үйінен ұрпағына тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ғанибет.

«Қарты бар үй, қазыналы үй» деп бекер айтылмаса керек. Үйдің берекесі мен мерекесі, есігіміздің ажарын кіргізіп тұратын үйдің үлкендері бастаған әр қадамымызға дұрыс жол сітеп, ата-бабамыздан қалған нақыл сөздермен сусындатып отырады. Осындай қазыналы жандардың қатарында менің ауыдастарым Төлегеновтер де бар.

Жарты ғасыр бірге ғұмыр кешіп, өмірдің қуанышы мен қиындығын бірге көріп келе жатқан Жангелді ауылының тұрғындары Ануарбек атай мен Марияш әжей.

Мағыналы ғұмыр кешіп, ұл-қыздарына өнегелі тәрбие берген ардақты қариялар бүгінде Алтын тойларын атап өтті. Шаттық пен берекеге толы отбасы ақ дастарқандарын жайып, жақындары мен әзілдері жарасқан замандастарының басын қосып, қуаныштарымен бөлісті. Әзілдері жарасқан достарының бірі жүрегінен шыққан жыр-шумақтарын да арнады.

Мұндай тойға жете алмаған қаншама

Алдарыңда көп қызық бар,

Соны көрші шаршама,
Қосағыңмен қосағарып
ұзақ жүр.

Қолдап жүрсін өздеріңді
бір Алла.

Құтты болсын мына Алтын тойларың

Орындалсын ниет еткен ойларың,- деп Ануарбек атай мен Марияш әжеміздің өмірлік замандасы Таңатқан Шаханов өз жүрек жарды тілегін білдірді.

Ауылыңда қартың болса,



жазып қойған хатпен тең дегендей, мерейтой иелері көпке үлгі, жақындарына ақылшы, берекелі жанұя бола білген жандар.

Жарты ғасыр бойы жарасымды ғұмыр кешіп, немере-жиендерінің қызығын көріп отырған ата-әже шынында да бақытты, өмірлері де үлгі етуге тұрарлық.

Осындай шағын кештің соңын Шәмшінің әндерімен толықтырып, өткенге көз жүгіртіп біраз естеліктерде айтылды. Заманы мен адамы дегендей ақсалдар өз ісімен, өшпес өнегесімен өз ортасына ғана емес, бүгінгі ұрпаққа үлгі болғандары анық.

Ел басына күн туған, қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз қашан да аман болсын деген тілегімді білдіріп, алтын той иелерін үлкен қуаныштарымен құттықтаймын.

*Жұмағұл ҚАЛИЕВА,
Жангелді ауылы*